

# БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО

Уважаемая Матюхина Александра Вячеславовна!

Республиканский Издательский Дом «Инновация» выражает Вам огромную благодарность, за то, что Вы внесли свой вклад в воспитание поколения интеллектуалов, образов светлого будущего и поделились передовым опытом по статье «НЕФОРМАЛЬНЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ МОЛОДЕЖИ ГЛАЗАМИ ПЕДАГОГА» в научно-практическом журнале «Ы.Алтынсарин ізбасарлары».

Генеральный директор  
Издательского Дома «Инновация»



А.Д. Әшірбаева



# СЕРТИФИКАТ

Настоящий сертификат подтверждает публикацию статьи в республиканском научно-практическом журнале «Б.Алтынсарин ізбасарлары»  
17 (13) (сентябрь 2022 года)

Автор(ы): **Матюхина Александра Вячеславовна**  
Педагог-психолог  
КГУ «Общеобразовательная школа №6»  
Карагандинская область город Темиртау

Материал: «НЕФОРМАЛЬНЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ МОЛОДЕЖИ ГЛАЗАМИ ПЕДАГОГА»

Главный редактор республиканского научно-практического журнала «Б.Алтынсарин ізбасарлары»

**А.Н. Тургинбаева**






# «Y.ALTYN SARIN IZBASARLARY»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК ЖУРНАЛ

17(13) ҚЫРКҮЙЕК 2022 ЖЫЛ



ҚР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

# Ү.АЛТЫНСАРИН ІЗБАСАРЛАРЫ

*Республикалық ғылыми-тәжірибелік журнал*

№17 (13)  
Қыркүйек 2022 ж.

Алматы – 2022

ӘӨЖ 08  
КБЖ 94

ISSN 2687-0143

**Бас редактор:**

*Тургинбаева Аширгуль Набиевна* – «Инновация» Оқу-әдістемелік Орталығының ғылыми қызметкері, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, шебер мұғалім.

Көркем мәтін редакторы, корректор: *Аширбаева Айнур*.

Жауапты хатшы: *Аширбаев Бакытжан Данебекович*.

**Редакция алқасы:**

*Оспанова Зауреш* – математика пәні бойынша оқулықтар авторы, бастауыш сынып мұғалімі, шебер мұғалім;

*Оразбекова Гульзира Алиакбаровна* – Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері, ПК сарапшысы, шебер мұғалім;

*Жарқынбеков Сұлтан Данашұлы* – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, шебер мұғалім;

*Шагирбаева Айсауле* – экономика ғылымдарының магистрі;

*Зейнелгабетова Жансая Болатқызы* – кинотеледраматург-редактор;

*Әшірбаев Талгат Данабекұлы* – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі;

*Смайлова Еркінәй Бегарықызы* – кино және ТВ магистрі;

*Ешанқұл Құралай Қалдыбекқызы* – география және пед. ғылымдар магистрі;

*Әшірбаева Ақнұр Дәнебекқызы* – өнертану және пед. ғылымдар магистрі;

*Рахымова Әсем Досанқызы* – кинотану ғылымдарының магистрі;

*Тургинбаева Данагуль Абдукадировна* – ғыл. қызм., орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

АІ «Ы.Алтынсарин ізбасарлары» республикалық ғылыми-тәжірибелік журнал – №17 (13), Алматы қ.: «Инновация» баспа үйі, 2022 ж. – 50 б.

КБЖ 94

ҚР Мем.тіркеу №

KZ24VPY00034420

© «Инновация» баспа үйі – 2022

**МАЗМҰНЫ**

<b>ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛАЛАР</b>	<b>5</b>
<b>ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ</b>	<b>5</b>
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ Датбаева Нургуль Сериккалиевна	5
«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ. «ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ» Жаксыбаева Айзада Санатовна	7
МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ Рамазанова Гульнар Молдагалиевна	8
<b>ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ</b>	<b>11</b>
МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ Чемомбаева Нурзипа Калибековна	11
БАЯНДАУЫШ Жүнісбекова Элмира Аманкелдіқызы	13
В ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІ Әлжан Күлімкөз Тыныштықбайқызы	18
ФИГУРАЛАР САЛУ. АУЫЛҒА САЯХАТ Шарипбекова Гульмира Жупарбековна	22
МЫҢ КӨЛЕМІНДЕ КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ Нүсіпбекова Ләззат Әділжанқызы	27
<b>СТАТЬИ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ</b>	<b>33</b>
<b>ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ</b>	<b>33</b>
НЕФОРМАЛЬНЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ МОЛОДЕЖИ ГЛАЗАМИ ПЕДАГОГА Матюхина Александра Вячеславовна	33

ИЗГОТОВЛЕНИЕ МАКЕТА РОБОТА ИЗ ЦВЕТНОГО КАРТОНА	37
Кубентаев Рахат Аргынбекович	
<b>ПЛАНЫ УРОКОВ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ</b>	<b>39</b>
В.С.ТОКАРЕВА «КОШКА НА ДОРОГЕ»	39
Базаркулова Камчат Шубаевна	
БУКВЕННЫЕ ВЫРАЖЕНИЯ	45
Тыныбаева Эльвира Ержановна	

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МАҚАЛАЛАР

### ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

#### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ



*Датбаева Нургуль Сериккалиевна*  
*Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары,*  
*«Ыбырай Алтынсарин атындағы №37 гимназиясы» КММ,*  
*Абай облысы Семей қаласы.*

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайық орнын белгілеген біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;
- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәліметтерді айқындай білу қабілетімен анықталады. Мектеп жасындағы оқушылардың тек оқу техникасын меңгеруі қазіргі таңда қабілеттілік болып есептелмейді. Оқу сауаттылығы туралы түсінік білім алушылардың әртүрлі форматтарда берілген мәтіндерді түсіне білуі, олардың мәні мен мазмұнын түсініп тұжырымдауы және білім алушылардың мектептен тыс уақыттарда, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды шешуде оқығанын қолдана білу іс-әрекеттеріндегі қызметтерін бағалауға негізделген. Сөзімізді нақтылай түссек, оқу сауаттылығы жазба мәтіндерді түсіну, өз мақсатына жету үшін оның мазмұнын қолдану, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін білімі мен мүмкіншіліктерін дамыту қабілеті.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі.

Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- мәтін бойынша жоспар құру;



- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу
- мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;
- мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- «ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау;

Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;
- сөздердің орфографиясын меңгертуге арналған тапсырмалар;
- газет-журналдарға шағын хабарлама/мақала жазу;
- белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Мұғалімдер белсенді білім алу стратегияларын не үшін, қайда және қалай, қандай жағдайларда қолданылатыны туралы ойлана отырып, коммуникативтік дағдыларды дамыту барысында кеңінен пайдалана алады. Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, тілдік дағдының да сондай қажет екені жаңартылған оқу бағдарламасында нақты айтылған. Бұл – оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі сабаққа қолдана білуін талап етеді. Мен де осы сұрақты өзіме қоя отырып, сабақ үдерісінде оқушы қызығушылығын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді, жаңа технология түрлерін қолдану керектігін ұғындым. Сөзіме дәлел болу үшін әдебиеттік оқу сабағынан «Ит-адамның досы» тақырыбындағы сабаққа тоқталайын. Сабақты «Төңкерілген сабақ» әдісі бойынша өткіздім.

**Топтық жұмыс «Пікіріңді айт»** айдары - Өзің қай жануарды асырағың келеді? Неге?

«ПОПС» формуласы. Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ... Екінші сөйлем: «Себебі мен оныбылай түсіндіремін...» Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...» Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім».

**Критерий:** Айтылған пікір қайталанбауы керек, дәлелмен сөйлей білу керек. Ойын тұжырымдап, нақты жеткізу.

**Дескриптор:** 1. Ойын нақты мысалдармен жеткізе алды. 2. Қорытынды шешім шығарды.

**«Әдебиет үйірмесі» әдісі**

I топ – Баяндап беруші. Мәтіндегі оқиғаның мазмұнын дайындайды. II топ – Зерттеуші. Кейіпкерге мінездеме берде.

III топ – Сұрақ құрастырушы. Әңгіменің мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды. IV топ – Бейнелеуші, суреттеуші. Мазмұнына сай сурет салады.

V топ – Өмірмен байланыстырушы. Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырады. Топтар берілген критерий, дескриптор бойынша тапсырманы орындап шығып, постерларын қорғады.

Топтар өзара бір-бірін бағалады. Бағалау дескрипторы:

- Мәтін бойынша жоспар құру;
- Жоспар бойынша мәтін мазмұнын түсінікті баяндау;
- Майлы аяққа, Еркінге, Зағипа, Әбекеңе мінездеме беру;
- Жуан, жіңішке сұрақтар қою;

- Мәтін мазмұнына сай сурет салу;
- Итке байланысты өз басынан өткен оқиғамен байланыстырып әңгімелей алады.

Қорыта айтқанда, тиімді стратегияларды қолдану арқылы білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып белгілі бір нәтижеге қол жеткізе аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы. Белсенді әдістерді сабақта тиімді қолдану, білім алушының танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушы өз ой-пікірін еркін, ашық айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, ұжымда ынтымақтастық атмосфера қалыптасады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Бастауыш сыныпта оқыту мен тәрбие ісі» 2015 ж. №9
2. «Бастауыш сыныпта оқыту әдістемелігі» 2016 ж. №5
3. А.Алимов Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2016.

### **«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ. «ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ»**

***Жаксыбаева Айзада Санатовна**  
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
«№29 жалпы білім беретін мектеп»,  
Алматы қаласы Медеу ауданы.*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен биыл «Балалар жылы» болып жарияланғаны баршамызға белгілі. Әрине, бұл жылы барлық іс-шаралар балалардың құрметіне өткізіліп жатыр. Сол іс-шаралардың бір де бірегейі ол 2022 жылдың 1 тамызынан – 2022 жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасып жатқан «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ерекше атап өтсек болады. Акцияның ең басты мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Сонымен қатар акцияның маңызды міндеттері балаларға қамқорлық жасау.

Акция барысында әр білім ордасы өз балаларына қол ұшын беруден қалыс қалған жоқ. Соның бірі Алматы қаласы, Медеу ауданындағы №29 жалпы білім беретін мектептің директоры **Калынбаева Карлыгаш Нургазиевна** бастаған ұжымның атқарып жатқан жұмысын атап өткім келеді. Жалпы өткен оқу жылында мектебімізде 589 оқушы аяқтады. Оның ішінде мектеп тарапынан әлуметтік көмек қажетті оқушылар болды. Осы оқушылар Медеу ауданы әкімдігі, Медеу ауданы білім бөлімінің

ұйымдастыруымен өткізген шарада қолдау көріп отырды. Жаңа оқу жылында ұйымдастырылып жатқан акция аясында мектептің әлеуметтік педагогы **Давлетпакова Галия Турлыбековна мектеп қорынан және** ата-аналар тарапынан қолдау көре отырып, барлығы **10 баланы** мектепке қажетті оқу-құралдарымен, киім-кешектермен қамтамасыз етіп және әр оқушының көңіл күйлеріне аса мән беріп, қолдан келгенше қамқорлық жасап отыр. Жаңа оқу жылына жақсы көңіл - күй, жаңа қарқын, білімге деген құштарлық, асыға күткен алтын ұя мектебіне сағыныш сезімін ұялатып отырған бұл қайырымдылық қоры әрбір бала бойына сенім, жанына жігер ұялататыны сөзсіз. Ертеңге талпыныс, болашаққа бағдар, игі іске ұмтылыс – адамзатқа тән құбылыс. Ендеше, көп болып, асыл арманына қол созғандарға сүйеніш болып, қолымыздан келген көмегімізді аямайық. Бала сенімінің нық болуына қадам жасайық. Жақсылық жасау қолыңнан келіп тұрса, қуаныш сыйлауға мүмкіншілігің жетіп тұрса, неге қол ұшын созбасқа?! «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, бүгінгі «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға ұйытқы болып отырған мектеп басшыларына, қол ұшын беруге ат салысып отырған демеушілерімізге айтар алғысымыз шексіз. Жақсылық жасаудан шаршамайық!

### МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ



*Рамазанова Гульнар Молдағалиевна*  
*Бастауыш сынып мұғалімі,*  
*«Рамадан ауылының негізгі мектебі» КММ,*  
*Ақмола облысы Ақкөл ауданы.*

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Қазіргі білім беру саласында өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз да, дарынды және талантты тұлға болу мүмкін емес.

Заманауи қоғамға жан-жақты жаңашыл адам керек. Мұндай адамды қалыптастыру- қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Ендеше, «XXI ғасыр білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» - деген тұңғыш елбасы Н.Ә. Назарбаевтың сөзі әрбір адамның ойына түрткі салуы тиіс. Өйткені мұғалімнің бүгінгі күні жасап отырған еңбегінің нәтижесі қандай болса, еліміздің, қоғамымыздың болшағы да сондай болмақ.

Демек, жастарды қоғам өмірінің барлық саласында да, соның ішінде білім алуда да тек деректер жинап, жалпы хабардар болуымен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, талантты, барлық әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу-

уақыт талабынан туындап отыр.

Білім берудегі негізгі мақсат – тек білімді, дарынды, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру. Жаңа заман талабына сай жеке тұлғаны қалыптастыру білім беру мен тәрбие үдерісінде жүзеге асырылатындықтан, білім мазмұнын таңдауда әр баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру мәселесі тереңірек, әрі нақтырақ қарастырылады.

Мұғалім дамымай оқушы дамымайды. Қазіргі заманғы ақпараттық және білім беру технологияларын пайдаланбай, оқушы мен мұғалімнің жұмысының сапасын арттырамын деуге болмайды. Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов “Білім-біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы” деп, білім мен біліктілік жайлы үлкен ой айтқан. Сондықтан да білім берудің нәтижелігі мұғалімнің шеберлігі, шығармашылығы мен оның тікелей кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Біз алдымыздағы жеке тұлға – оқушымыздың құзырлығын дамыту үшін, яғни қоғамның жан – жақты білімді, белсенді азаматын тәрбиелеу үшін, сыныпта өтілген тақырыптарды, одан әрі дамыту міндеттерін жүзеге асыруда сыныптан тыс жұмыстардың сапасын жақсартып, ролін арттыра түсу үшін мынадай мақсаттарды көздеуіміз қажет:

-оқушылардың қазіргі заманға сай бейімделуіне, халқына зор көмек беретін, жаңалық аша алатын тұлғаны қалыптастыру;

- бастаған жұмысты тиянақты дер кезінде аяқтауын қадағалау, дарынды және талантты тұлғаны даярлау болып табылады.

Ұлы жазушы әрі ғұлама ғалым М. Әуезовтің: «Ел болам десең, бесігіңді түзе!» – деген өте терең мәнді нақылы бар. Ол еліңнің ертеңі жас ұрпағыңды жақсылап өсір дегені. Осы ретте, баланың өмірден өз орнын табуы үшін оның қабілетін ерте кезден дамыту тікелей ұстазға байланысты деп білемін. Ал, талантты және дарынды оқушылардың білім алуын арттыруда қолданылатын кеңейтілген тапсырмаларды мақсатты, сауатты пайдаланудың маңызы зор. Ол балаға қалай әсер етеді? Жауап төмендегідей:

1. Білім немесе дағдылардың жалпы өзегін қолдану;
2. Тақырыптардың түпнұсқалы зерттеулерін қолдау;
3. «Нағыз» құзыреттілікті қалыптастыру;
4. Бастапқы және соңғы нүктелер қатарымен өзара әрекеттесу;
5. Шешімдері алдын ала анықталмаған тапсырмаларды зерттеу;
6. Қабілеттілігіне қарамастан кеңейтілген тапсырмаларға тең қол жеткізу;
7. Қолдау ахуалы тұрақты қалыптасқан сыныптың ең жоғары ойлау деңгейіне негізделген оқу үрдісіне қатысу;
8. Сыни ойлау дағдыларын дамыту;
9. Мәселелерді шешу үшін шығармашылық тәсілдерді қолдану;
10. Таңдау элементтерінің көмегі арқылы өзіндік реттеуді қолдану;
11. Аса құштар және ынталы болу;
12. Оқушылардың жетістікке жету қабілеттерін көрсету;

Кеңейтілген тапсырмалардың он екі идеясын қолдану арқылы біз тек оқушы бойындағы дарын мен талантты дамытып қоймай, сонымен қатар тұйық оқушы бойындағы талантты анықтауға мүмкіндік аламыз. Дұрыс таңдалған бір әдістің өзінде он екі идеяның бірнеше ерекшелігі тоғысып жатады. Биология пәнін оқытуда кеңейтілген тапсырмаларды жүйелі қолдану арқылы оқушының пәніме деген қызығушылығын арттырып, білім алу құштарлығы мен ынтасының жоғарылайтындығын түсініп келемін.

Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де

бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастағалы отырмыз.

Баланың бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашып, әр баланың өзін сезіне білуіне, ішкі табиғатын ашуға көмектесу, өзін шығарашылықпен ұштастыруға бағыт беру тікелей мұғалімге байланысты. Әдебиет сабағында оқушының сөйлеудегі және жазудағы тіл мәдениеті дамып, өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуі, ұтымды, шешен сөйлеуі қалыптасады. Бұл пәннің баланың бойындағы дарынды аша білудегі мүмкіндігі жоғары. Ал, дарынды оқушыны жан-жақты қабілетті, терең білімді, зерек те еңбекқор, өз ісін сүйетін, талантты да шебер ұстаз ғана тәрбиелей алады. Дарынды мұғалім дарынды баланы бірден таниды. Ол оқушымен жеке жұмыстар жүргізіп, оның талантының ашылуына дер кезінде қолдау көрсетеді. Қосымша жұмыстар жүргізе отырып, оқушы шығармашылығын дамытуға, оның қызығушылығын оятып, өз бетімен жұмыс істеуіне шабыттана көмектеседі.

Қорытындылай келе, кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп һәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деп айтқан болатын. ХХІ ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Сондықтан ұстаздар әр бала қабілетін жоғары төмендігіне қарамастан өзінше тұлға, табиғаттың таңғажайып құбылысы және әр баланың күнделікті өмір тіршілігі өзінше бір тағдыр екенін ескеруі қажет. Тағдырларына жауапкершілікпен қарап, өмірден өз орнын табуына өз ықпалын тигізгені дұрыс. Заманымыздың талабына сай білім сапасы жоғары оқушылардың құзырлығын дамыту арқылы үлкен нәтижеге жетіп, жемісін көреміз деп сенемін.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ  
ЖАЗУШЫСЫ»

*Чемомбаева Нурзипа Калибековна*

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,  
«№14 орта мектебі» КММ,  
Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы.*

Сыныбы	6 «В»
Пәні	Қазақ тілі
Мұғалімнің аты-жөні	Чемомбаева Нурзипа Калибековна
Оқулық	Қазақ тілі
Сабақ № тақырыбы	Мұхтар Әуезов - қазақтың ұлы жазушысы
әдебиет Оқу мақсаты	6.2.3.1. Ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту. 6.4.4.1. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.

1. Сабақтың мақсаты: оқушыға қаратылған оқу мақсаттары	Ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айтады. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды
Жаңа сөздер	Бастап, аяқтап, шәкірт, ал, хабарлас

<https://www.youtube.com/watch?v=3P1aC5lqASs>

**1-тапсырма.** Ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айта отырып, сұрақтарды пайдаланып, мәтін құра.

- «Жазушы» деген кім?
- Сен қазақтың қандай жазушыларын білесің?
- Соңғы кезде қандай көркем шығарма оқыдың?
- Шығармада кім, не туралы жазылған?

**Дескриптор:** Ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескереді;  
- сұрақтарды пайдаланады;  
- мәтін құрайды. (3 ұпай)

**2-тапсырма.** Суретке қара. Сұрақтарды пайдаланып, парталас досыңмен диалог құра. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жаса.

- Суретте кімдер бейнеленген ?
- Олар туралы не білесің?

3. Олар қай ғасырда өмір сүрген ?
4. Олардың қандай шығармаларын білесің?
5. Бүгінгі тақырыпта не туралы айтылуы мүмкін?



**Дескриптор:** -Сұрақтарды пайдалана отырып, парталас досымен диалог құрайды;  
-Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасайды.

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы. 4 сұрақ құрастыр, бір-біріңнің сұрақтарыңа жауап бер.

Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Бөрілі ауылында туған. Әкесі Омархан мен атасы Әуез – сауатты кісілер. Мұхтарды атасы – Әуез бен әжесі Дінасыл тәрбиелеген. Мұхтардың атасы Абай ауылымен сыйлас болған. Үнемі хабарласып, араласып отырған. Мұхтар алты жасынан Абайдың өлеңдерін жаттап өскен.

**Дескриптор:** - 4 сұрақ құрастыр;  
- бір-біріңнің сұрақтарыңа жауап береді.

**5-тапсырма.**Берілген сөздерді тіркестіріп жаз.

1	2
Абай ауылымен	хабарласу
Шығыс Қазақстан	араласу
Абайдың	басталады
Роман	аяқталады
Атасы	Сыйлас болған
Абай өлеңдерін	Сауатты болған
үнемі	облысы
Абай ауылымен	шәкірттері
Көркем шығарма	Жаттап өскен
ақынның	Балалық шағы

**Дескриптор:** - Берілген сөздерді тіркестіріп жазады.

Іс –әрекет түрі	Ресурс	Уақыты	Орындалуы (оқушы толтырады)



<b>Оқы</b>	<p><b>1-тапсырма.</b> Ауызша мәтіндер құрауда хабарлы сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айта отырып, сұрақтарды пайдаланып, мәтін құра.</p> <p><b>2-тапсырма.</b> Суретке қара. Сұрақтарды пайдаланып, парталас досыңмен диалог құра. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жаса.</p> <p>4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. 4 сұрақ құрастыр, бір-біріңнің сұрақтарыңа жауап бер.</p>		
<b>Орында</b>	<b>5-тапсырма.</b> Берілген сөздерді тіркестіріп жаз.		
<b>Рефлексия</b>	<p>Мен білемін...</p> <p>Енді мен жасай аламын...</p> <p><i>(сабақ критерийіне байланысты жазасыз)</i></p>		
<b>Оқу тапсырмасы</b>	<b>7-тапсырма.</b> Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Жоспардағы тақырыпшалар бойынша тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мамұнда . Деректі және дерексіз зат есімдерді қолдан.		

### САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «БАЯНДАУЫШ»








**Жүнісбекова Элмира Аманкелдіқызы**  
*Бастауыш сынып мұғалімі,  
 Қ. Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия,  
 Түркістан облысы Созақ ауданы.*

Ортақ тақырып :	Сәулет өнері
Бөлім:	
Педагогтың аты-жөні	Жүнісбекова Элмира Аманкелдіқызы
Пәні:	Қазақ тілі
Күні	







Сыныбы: 3 «А»	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы:	Баяндауыш	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты:	3.2.5.1 берілген тақырып/сұрақ бойынша түрлі дереккөздерден (мәтін/сөздік/сызба/кесте/карта) алынған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау; 3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату.	
Сабақтың мақсаты/ бағалау критерийі:	- Берілген тақырып бойынша мәтін құрастырады, жаңа сөздердің мағынасын ашады; - Сөйлемнен баяндауышты табады;	
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Білу, түсіну, қолдану.	


Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі /уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	<b>Ұйымдастыру кезеңі</b> Дөңгеленіп тұрайық. Шеңберді біз құрайық Кереге болып керіліп, Уықтар болып иіліп, Шаңыраққа керіліп, Киіз үй біз құрайық. Жақсы көңіл-күйменен Сабақты біз бастайық	Оқушылар шеңбер бойымен дөңгеленіп тұрып бір-біріне көңіл-күй сыйлайды.		
3 мин	Киіз үй бөлшектерін таңдай отырып, топқа бірігеді.  1-топ: «Шаңырақ»  2-топ: «Кереге»  3-топ: «Уық»	«Мозайка» әдісі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, киіз үй құрастырады.  Киіз үй бөлшектерін таңдау арқылы топқа бірігеді.	<b>«Ынталандыру» әдісі</b> арқылы оқушыларды бағалау. «Жарайсың!» «Сен мені үнемі қуантасың!» «Мен сенімен мақтанамын!»	<a href="https://www.pinterest.com/pin/591449363538520143/">https://www.pinterest.com/pin/591449363538520143/</a> <a href="https://www.astana-akshamy.kz/qarashangyraqtyng-qasieti-kemimesin/">https://www.astana-akshamy.kz/qarashangyraqtyng-qasieti-kemimesin/</a>
5 мин	«Мозайка» әдісі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, киіз үй құрастыру. . Сөйлем мүшелері дегеніміз не? Сөйлем мүшелері нешеге бөлінеді? Бастауыш дегеніміз не? Бастауыш қандай сұрақтарға		<b>БК:</b> -Сұрақтарға жауап береді; <b>Дескриптор:</b>	

	<p>жауап береді?                  Бастауыш қай сөз табынан жасалған?                  Әжем қаладан келді. Сөйлемнен бастауышты тап.                  Баяндауыш дегеніміз не? Мысал келтір.</p>		<p>-Сұрақтарды оқиды;                  -Сұрақтарға жауап береді;                  -Мысал келтіреді.</p>	
5 мин	<p>«Сөздер тізбегі» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын ашу.                  Киіз үй _____ тігіледі.                  Кереге _____ керіледі.                  Уық _____ шаншылады.                  Басқұр _____ тартылады                  Есік _____ орнатылады</p> <p>Сызықшаның орнына қойылған сөздерге сұрақ қоя отырып ережені қорыту.                  Бастауыштың ісін, қимылын білдіретін сөздерді баяндауыш деп аталады..Баяндауыштар көбінесе сөйлемнің соңында тұрады да, <i>не істейді? не болды? не етеді? қайтеді? қандай? қанша? кім? не?</i> деген сұрауларға жауап береді.</p>	<p>Сызықшаның орнына сөздер қояды.                  Ережені еске түсіріп, айтады.</p>	<p><b>БК:</b>                  -Сабақтың тақырыбын ашады;  <b>Дескриптор:</b>                  -Сөздің жалғасын табады;                  -Ережені қорытады;</p>	
Сабақтың ортасы 10 мин	<p><b>1-тапсырма ЖЖ</b>                  Толық жауапты қажет ететін ашық тапсырма  <b>Ойлау дағдыларының деңгейі:</b>                  Білу, түсіну, қолдану.                  «Мозайка» әдісі арқылы «Киіз үй» тақырыбы бойынша мәтін құрастыру.</p> <p>Киіз үй тегіс жерге тігіледі.Алдымен керегелер шеңберлене керіліп,бір-біріне таңғышпен біріктіріп байланады. Содан кейін есік орнатылады. Керілген керегені айнала басқұр</p>	<p>Тақырып бойынша мәтін құрастырады.</p>	<p><b>БК:</b>                  Мәтіннің мазмұны бойынша жаңа сөздерді табады, мағынасын ашады.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p>	

	<p>тартылады.</p> <p><b>Басқұр</b>- киіз үйдің ішін безендіру үшін, әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр.</p> <p><b>Бақан</b>-киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндікті көтеріп жабуға пайданылатын ұзындау келген ағаш.</p> <p><b>Үзік</b>-киіз үй сүйегінің шаңырақ қарынан бастап уық бойын тұтас жабады.</p> <p><b>ЕББҚЕО:</b> Берілген сөздерді сөздіктен тауып, мағынасын ашу. Кереге, сандық, адалбақан, шаңырақ, сықырлауық .</p>	<p>Берілген сөздерді сөздіктен табады.</p>	<p>-Мәтіндегі жаңа сөздерді анықтайды; -Мәтін мазмұнын қара сөзбен жүйелі баяндайды; -Тірек сөздерді орынды қолданады.</p> <p><b>Дескриптор:</b> <b>(ЕББҚЕО)</b></p> <p>-Берілген сөздерді оқиды; -Сөздерді сөздіктен табады; -Сөздердің мағынасын ашады.</p> <p><b>ҚБ:</b> «От шашу» әдісі арқылы оқушыларды бағалау.</p>	
<p>5 мин</p>	<p><b>Сергіту сәті:</b> Кірпіште жазылған сөздердің ішінен баяндауышты тауып, «Еңселі ғимарат» тұрғызу. <b>Керекті сөздер:</b> алмұрт, жүгірді, қызыл, секірді, айна, басты, айта бастады, марапат, сегіз, биледі, салды, шырын, мадақтады.</p>	<p>Кірпіштен ғимарат құрастырады. Сөздердің ішінен баяндауышты табады.</p>	<p>Дескриптор: -Берілген сөздерден баяндауышты табады; -Кірпіштерді құрастырады.</p>	
<p>10 мин</p>	<p><b>2-тапсырма: Топтық жұмыс:</b> <b>«Ойлан. Бөліс» әдісі</b> Қысқа жауапты қажет ететін ашық тапсырма <b>Ойлау дағдыларының деңгейі:</b> түсіну, қолдану</p> <p>Берілген сөйлемдердің ішінен баяндауышты табу.</p> <p><b>1-топ:</b> «Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады. «Құмкенттөбе» ежелгі қала орны болған.</p> <p><b>2-топ:</b> Қожа Ахмет Яссауи кесенесі Түркістан қаласында</p>	<p>Топпен жұмыс жасайды.</p>	<p><b>БК:</b> - Сөйлемнен баяндауышты табады;</p> <p><b>Дескриптор:</b> -Сөйлемдерді оқиды; -Сөйлемнен баяндауышты</p>	 <p><a href="https://anatili.kazazeta.kz/news/58164">https://anatili.kazazeta.kz/news/58164</a> <a href="https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0">https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0</a></p>

	<p>орналасқан. Біз көне ғимараттардың тарихымен таныстық.</p> <p><b>3-топ:</b> «Хан Шатыр» кешені-2010 жылы 6 шілдеде Астана күніне орай ашылған. Астана қаласында биік ғимараттар бой көтерді.</p> <p><b>ЕБҚЕО тапсырмалары:</b> Есте сақтау қабілеті төмен оқушымен жұмыс</p> 	<p>Суретке қатысты сөйлем құрайды.</p>	<p>табады;</p> <p><b>Дескриптор: (ЕБҚЕО)</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Суреттерді атайды;</li> <li>-Сөйлем құрайды;</li> <li>-Баяндауышты табады;</li> </ul> <p><b>«Жетістік баспалдағы»</b> арқылы бағалау. Оқушыны жауабына сай баспалдақтарға орналастыру.</p>	<p><a href="#">%A1%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BD</a></p>
<p>Сабақтың соңы 5 мин</p>	<p><b>«Пирамида» әдісі</b> Бүгінгі сабақта не үйрендің? Сен үшін не қиын болды? Саған қандай тапсырма қызықты болды?</p> <p><b>Үй тапсырмасы:</b> «Еңселі ғимараттар» тақырыбына мәтін құрастыру.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p><b>«Пирамида» әдісі</b> арқылы оқушы сұрақтарға жауап береді.</p>	<p><a href="https://www.zhara.r.com/kz/34268-adis.html">https://www.zhara.r.com/kz/34268-adis.html</a></p>



	Мәтіннен баяндауышты тауып, астын сызу.			
--	---	--	---	--





**САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «В ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІ»**



*Әлжан Күлімкөз Тыныштықбайқызы  
Бастауыш сынып мұғалімі,  
Қ. Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия,  
Түркістан облысы Созақ ауданы.*

<b>Бөлім: Әліппе кезеңі</b>				
<b>Педагогтің аты-жөні:</b>	Әлжан Күлімкөз Тыныштықбайқызы		Күні: 14.12.2021ж	
<b>Сынып: 1 «Ә»</b>	<b>Қатысушылар саны:</b>		<b>Қатыспағандар саны:</b>	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>В дыбысы және әрпі</b>			
<b>Оқу мақсаты</b>	1.2.1.2* оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.1.7.1 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау;			
<b>Сабақ мақсаты</b>	<i><b>Барлығы:</b></i> В дыбысы мен әріпін таниды <i><b>Көпшілігі:</b></i> В дыбыстарды ажыратады, буынға бөледі, сөздерді буындап, тұтас оқиды. <i><b>Кейбірі:</b></i> Тақырыпты түсініп, тыңдап жетекші сұрақтарға жауап береді.			
<b>Бағалау критерийі</b>	В дыбысының дауыссыз дыбыс екенін айтады. Буындап немесе тұтас сөздер мен оқиды. Сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтады			
<b>Сабақ барысы</b>				
<b>Сабақтың кезеңі/уақыты</b>	<b>Педагогтің әрекеті</b>	<b>Оқушының әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы 8 мин</b>	(Ү) <b>Ұйымдастыру кезеңі:</b> 1. Сәлемдесу. 2. Шаттық шеңбері  Қайырлы таң ұстазым! Қайырлы таң достарым!	Шаттық шеңберін айтады		Күн

	<p>Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық</p> <p>Good morning, good morning, Good morning to you! Good morning, good morning, I'm glad to see you!</p> <p><b>Сикырлы сандар арқылы топқа бөлу.</b></p> <p><b>«Қар лақтыру» әдісі арқылы</b> Өткенді пысықтау 1.Дыбыс дегеніміз не ? 2.Дауысты дыбыс қандай түспен белгілейміз? 3.Әріп дегеніміз не ? 4.Дыбыстар қаншаға бөлінеді ? 5.Буын дегеніміз не ? <b>6.Дауыссыз дыбыстар қандай түспен боялады?</b></p> <p>Суретпен жұмыс «Миға шабуыл» әдісі Суреттердің атын айту, “В” дыбысымен таныстыру.</p>	<p>Топқа бөлінеді 1,2,3 санайды. Аквариум, вагон, автобус дыбыстық талдау жасайды</p> <p>Сұраққа жауап береді</p>  <p>Аттарын айтады.</p>	<p>Мадақтау</p> <p>Мадақтау</p>	<p>Аквариум, вагон, автобус</p> <p>Интерактив тақта Сурет</p>
<p><b>Сабақтың ортасы 25 мин</b></p>	<p><b>«Стоп кадр» әдісі</b> <b>«Ромашковадан келген Паравоз»</b> мультихикаясының желісі бойынша 1-ші көрініс</p> <p><b>Жаңа сабақ</b> <b>«Гүл жинау» әдісі</b> Жаңа сөздерді оқу, түсіндіру <b>вагон трамвай</b> <b>автобус</b> <b>вокзал велосипед</b> <b>аквариум</b></p>	<p>Тізбектеп оқиды, түсіндіреді</p>		 <p>Интерактивті тақта Сурет</p>

	<p><b>Дескриптор</b>                  Оқушылар тұтас оқиды;                  Создердің мағынасын айтады ;                  Буынға бөледі;</p> <p><b>«Стоп кадр» әдісі</b>  <b>«Ромашковадан келген Паравоз»</b>                  мультхикаясының желісі бойынша                  2 ші көрініс</p> <p><b>«Балалар философиясы» әдісі бойынша</b>                  Түсініп оқы</p> <p>Велосипед – көлік түрі. Ол біздің жүрісімізді жылдамдатады.                  Қорап сүйреткен велосипедтер де бар.                  Мәшиненің жүксалғышына сыйып кететіндері де болады.                  Жиналмалы түрлері жылдам құрастырылады.</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p><b>«Стоп кадр» әдісі</b>  <b>«Ромашковадан келген Паравоз»</b>                  мультхикаясының желісі бойынша                  3 ші көрініс</p> <p><b>Топтық жұмыс</b>  <b>«Бірге ойлаймыз» әдісі</b>  <b>1-топ</b>                  Автубус суреті беріледі. Автубустың суретін бояйды, сипаттайды, сөйлем құрайды,</p> <p><b>2-топ</b>                  Вагон суреті беріледі. Суретті бояйды, сипаттайды, сөйлем құрайды.</p>	<p>Оқушылар түсініп оқиды, айтады,</p> <p>Орындайды                  Жазады</p>    <p>Жазады</p> <p>1,2,3 буынды сөздерді айтады</p>		<p>Тақтамен жұмыс</p>  <p>Дәптер</p>
--	---	---	--	---

	<p><b>3-топ</b>                  Аквариум суреті беріледі.                  Суретті бояйды, сипаттайды, сөйлем құрайды.</p>  <p><b>Дәптермен жұмыс</b>  <b>«Паравоз ойыны»</b></p> <p><b>Дескриптор</b>                  Суретте берілген тапсырманы сипаттап, сөйлем құрайды;</p>			
<p><b>Сабақтың соңы</b>  <b>10 мин</b></p>	<p><b>Қорытынды</b>  <b>«Шыбын ұрғыш» әдісі арқылы</b>  <b>«Стоп кадр» әдісі</b>  <b>«Ромашконадан келген Паравоз»</b>                  мультхикаясының желісі бойынша                  4 ші көрініс</p>	Сөздерді табады		тақта 
<p><b>Кері байланыс</b>  <b>2 мин</b></p>	<p><b>Вагон,</b>  <b>автобус, велосипед.</b></p>			Стикер жапсырды



## САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: «ФИГУРАЛАР САЛУ. АУЫЛҒА САЯХАТ»










*Шарипбекова Гульмира Жупарбековна*  
*Бастауыш сынып мұғалімі,*  
*Қ. Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия,*  
*Түркістан облысы Созақ ауданы.*





Бөлім:	Геометриялық фигуралар. Периметр. Аудан	
Пәні:	Математика	
Мұғалімнің аты-жөні	Шарипбекова Гульмира Жупарбековна	
Күні:	04.05.2022ж	
Сынып: 2 «Б»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Фигуралар салу. Ауылға саяхат	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.3.1.5 - берілген периметрі бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай периметрдің қалай өзгеретінін түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты	<p><b>Барлық оқушылар:</b> жазық фигуралар сала алады.</p> <p><b>Көптеген оқушылар:</b> берілген периметрі бойынша жазық фигуралар салады, олардың пішіндері өзгеруіне қарай периметрдің қалай өзгеретінін түсіндіре алады</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> логикалық тапсырмаларды орындай алады.</p>	

## Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
